

Г.Б. Нұрадин¹ , А.Е. Аккулиева² , Ә.А. Құранбек² 

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kuranbek.aset@kaznu.kz

«ӨЗЕКТІЛІК» ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ФИЛОСОФИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Барлық алдыңғы революциялар сияқты Төртінші өнеркәсіптік революция адамзаттың көз алдындағы әлемнің таныс бейнесін тез өзгертті. «Өндіріс», «тұтыну», «қызмет көрсету» салаларындағы цифрландыру үрдісі әлемдік еңбек нарығындағы түбегейлі өзгерістерге әкелді. Бұл өзгерістер салалардың цифрландыруға қосқан немесе қосатын үлес салмағы арқылы өлшеу және бағалау қажеттілігін тудырды. Осы сәтте «Гуманитарлық ғылымдар цифрлық дәуірге қандай үлес қоса алады?» деген орынды сауал туындап, өнеркәсіптік революцияны жасаушы және дамытушы тек жаратылыстану ғылымдары деген сыңаржақ пікірге алып келді. Қазіргі таңда әлемдегі заманауи ғылыми-зерттеу университеттердің әрекеттері жаратылыстану ғылымдары құрметті орынға ие, ал гуманитарлық ғылымдар оның көлеңкесінде қалғандай әсерде. Мақалада ықпал мен беделге сүйенген академиялық білім аясындағы кереғар жағдаяттар тақыланып «философия» пәнін оқытудың өзектілігі қарастырылады. Авторлар философия қолында әлемді де адамды да әп-сәтте өзгертетін «идея» атты тегеурінді қаруы бар деген түсінікке жүгіне отырып, оны оқытудың жаңа қырларын қарастырады және бірқатар практикалық ұсыныстар жасайды.

Мақала авторлары әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді, әсіресе философияны оқыту саласындағы өз тәжірибелерін негізге ала отырып, аталған пәндердің үйретуі тиіс басты технология – қоғамды оның өзектілігіне сендіру технологиясы деп есептейді. Өз көзқарастарын дәлелдеу және мәселенің өзектілігін айқындау мақсатында авторлар «смарт» әдісін ұтымды пайдаланады. Сонымен қатар, зерттеу барысында жүйелік талдау, әлеуметтік-мәдени әдістер мен тарихи пәнаралық тәсілдер қолданылды және философиялық пәндердің негізгі функцияларын анықтау ұмтылысы орын алады.

Мақаланың «Өзектілік» философиясы деп аталуының өзі авторлар тарапынан батылдық пен жаңашылдықтың лебін сездіреді. Философияның өзектілігі туралы қарастырған ғалымдар қатары баршылық, алайда оның арнайы «өзектілік» философиясы ретінде ерекшеленуі және негізделуі өзгеше ыңғайды білдіріп тұр.

Түйін сөздер: Өзектілік философиясы, гуманитарлық пәндер, философия пәні, философиялық білім, индустрия 4.0, smart технологиясы, цифрландыру.

G.B. Nuradin^{1*}, A.E. Akkulieva², A.A. Kuranbek²

¹Taraz regional university named after M. H. Dulati, Kazakhstan, Taraz

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kuranbek.aset@kaznu.kz

The “Relevance” of philosophy and its relevance in the teaching of philosophical disciplines

The Fourth Industrial Revolution, like all previous revolutions, quickly changed the usual picture of the world in the eyes of mankind. The trend of digitalization in the areas of “production”, “consumption”, “service” has led to drastic changes in the global labor market. These changes have caused the need for measurement and evaluation due to the contribution or contribution of industries to digitization. “What contribution can the humanities make to the digital age?” this question has led to a clear view that only natural sciences are the creators and developers of the industrial revolution. The actions of modern research universities around the world today create the impression that the natural sciences take pride of place, and the humanities sciences are overshadowed by them. The article examines contradictory situations in the field of academic education, based on influence and authority, examines the relevance of teaching humanities sciences. The authors consider new aspects of his education and put forward a number of practical recommendations, referring to the idea that in the hands of the humanities there is a noble weapon called “idea”, which instantly changes the world and man.

Based on their experience of teaching social and humanitarian disciplines, especially philosophy, the authors of the article believe that the main technology that these disciplines should be taught is the technology of convincing society of its relevance. In order to argue their views and determine the relevance of the problem, the authors rationally use the “smart” method. In addition, the study used system analysis, socio-cultural methods and historical interdisciplinary approaches and there was a desire to determine the main functions of philosophical disciplines.

The very fact that the article is called the philosophy of “relevance” causes the authors a storm of courage and innovation. There are a number of scientists who have considered the relevance of philosophy, but its distinction and justification as a philosophy of “relevance” suggests a different approach.

Key words: Philosophy of relevance, humanitarian disciplines, subject of philosophy, philosophical education, Industry 4.0, smart technology, digitalization.

Г.Б. Нұрадин^{1,*}, А.Е.Аккулиева², А.А. Куранбек²

¹Таразский региональный университет им.М. Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kuranbek.aset@kaznu.kz

«Актуальность» философии и ее актуальность в преподавании философских дисциплин

Четвертая промышленная революция, как и все предыдущие революции, быстро изменила привычную картину мира в глазах человечества. Тенденция цифровизации в сферах «производство», «потребление», «обслуживание» привела к кардинальным изменениям на мировом рынке труда. Эти изменения вызвали необходимость измерения и оценки за счет вклада или вклада отраслей в оцифровку. «Какой вклад гуманитарные науки могут внести в эпоху цифровых технологий?» этот вопрос привел к четкому мнению, что только естественные науки являются создателями и разработчиками промышленной революции. Действия современных исследовательских университетов по всему миру сегодня создают впечатление, что естественные науки занимают почетное место, а гуманитарные науки затмеваются ими. В статье рассматриваются противоречащие ситуации в сфере академического образования, опирающиеся на влияние и авторитет, рассматривается актуальность преподавания гуманитарных наук. Авторы рассматривают новые аспекты его обучения и выдвигают ряд практических рекомендаций, обращаясь к представлению о том, что в руках гуманитарных наук есть благородное оружие под названием «идея», которое мгновенно меняет мир и человека.

Основываясь на своем опыте преподавания социально-гуманитарных дисциплин, особенно философии, авторы статьи считают, что основная технология, которой должны преподавать эти дисциплины, – это технология убеждения общества в его актуальности. В целях аргументации своих взглядов и определения актуальности проблемы авторы рационально используют метод «смарт». Кроме того, в исследовании использовались системный анализ, социокультурные методы и исторические междисциплинарные подходы и имело место стремление определить основные функции философских дисциплин.

Сам факт того, что статью называют философией «актуальности», вызывает у авторов бурю смелости и новаторства. Существует ряд ученых, которые рассматривали актуальность философии, однако ее различие и обоснование как философии «актуальности» предполагает иной подход.

Ключевые слова: актуальность философии, гуманитарные дисциплины, предмет философии, философские знания, индустрия 4.0, смарт технологии, цифровизация.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік және отандық университеттік білім берудегі гуманитарлық пәндердің, оның ішінде философиялық білім беру беделінің төмендеу тенденциясы байқалады. Пәнді оқыған студенттердің оң пікірлері мен әртүрлі білім салалары мамандары үшін қызықты әрі қажетті пән екенінің тегеурінді дәлелдері болса да гранттар мен квоталардың азаюы анық аңғарылады. Үрдістерді бағамдау үшін еліміздегі кейінгі үш жылдық грант бөлінісіне тоқтала кетейік.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің мәліметі бойынша елімізде 2021-2022 оқу жылында бакалавриатқа түсу үшін 56 мыңнан астам грант бөлінген. Президенттің тапсырмасы бойынша гранттардың жалпы саны былтырға қарағанда 5000-ға артқан. Гранттардың ең көп саны инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына – 17 028 грант, педагогикалық ғылымдар – 9573 грант, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар – 7487, жаратылыстану ғылымдары – 4088, ауыл шаруашылығы ғылымдары – 1895, денсаулық

сақтау саласындағы мамандықтарға – 2700, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1615, бизнес, басқару және құқық – 1223, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат мамандықтарына 960 грант бөлінді (ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2021).

Бакалавриатқа түсу үшін 2022-2023 оқу жылында 73 мыңнан астам грант бөлінді. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді, олардың саны 17 794 грантты құрайды. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 10 810 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 9 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 6 288 грант тиесілі. Осылайша, техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыстың үлесі 60% – ға дейін ұлғайды (ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2022).

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиевтың мәлімдеуінше: «Биыл бакалавриатқа түсу үшін 73 мың грант бөлініп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық гранттың 60% техникалық мамандықтарға бөлінді. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді, олардың саны 18 744 грантты құрайды. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 12 560 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 7 388 грант тиесілі. «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3 653 грант бөлінген. Сонымен қатар биыл халық тығыз қоныстанған батыс және жаңадан құрылған өңірлердің жастары үшін гранттар бөлінді» (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, 2023).

Берілген статистикалық мәліметтер жоғарыдағы ойды қуаттайды, алайда, бұл көрсеткіштер мәселенің негізі саналмайды. Аталған мақаланың негізгі мақсаты еліміздегі жоғары білім беру саласындағы гуманитарлық пәндерді оқытудағы бірқатар әдістемелік мәселелер мен аталмыш пәндердің маман дайындаудағы өзектілігін анықтау және замануи форматқа ыңғайлап пәннің тартымдылығын арттыру арқылы насихаттау тетіктерін қарастыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Интеллектуал білім беру ортасын бір уақытта анықтап, сипаттау үшін бірнеше

аспектілерді көрсету және олардың орналасу тәртібін қарастыру қажет. Гуманитарлық пәндерді жоғары оқу орындарында оқытудың бұрынғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітілген типтік бағдарламасы және әрбір жоғары оқу орнының сол типтік бағдарламаға сәйкес әзірлеген оқу бағдарламасы (силлабус) бар. Философия пәнін әрбір университеттегі барлық білім беру бағдарламасын игеруші студенттер оқиды. Мақалада жоғары оқу орындарындағы оқытушы мен студент арасындағы гуманитарлық білім берудің жаңа жолдарын «индустрия 4.0» қағидаттары мен «смарт технологиясының критерийлері» арқылы өлшеуге әрекет жасалынды. Әлем картинасының бедері әпсәтте түрлі өзгерістерге ұшырап жатқан сәтте білім беру бағдарламаларын тұрақты қалыпта ұстап тұру қиын. Осы мақсатта білім беру бағдарламаларының авторларымен бірлестікте жұмыс істеу өз тиімділігін беруі мүмкін. Білім беру бағдарламаларының өзіндік бейіні мен негізгі мақсат-мүдделеріне орай философиялық білім, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт беру тиімділігі мен өзектілігі терең зерттеуді қажет етеді. Мақаладағы зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық білім берудің өзектілігі оның практикалық тұсының басымдығында да көрініс тапқаны ұтымды деген қорытынды тұжырымға алып келді.

Әдебиетке шолу

Мақала жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық пәндерді оқыту технологиясының бірқатар өзекті мәселелері төңірегінде өрбиді. Мақаланың кіріспесінде университеттердегі гуманитарлық ғылымдар мен пәндердің шеттетілуі мәселесі көтеріліп, еліміздегі техникалық ғылымдарға айрықша көңіл бөлінуі, соған сәйкес мемлекеттік гранттардың бөліну үлесі келтірілген. Бұл сынаржақ пікірді білдірмейді, алайда гуманитарлық білімді қолдау және ол пәндерді студенттер үшін тартымды ету мәселесі де қозғалады.

Мақалада Дж. Ролз (*Theory of justice*), Исая Берлин (*Philosophy of freedom*), Питер Сингер (*Ethics in the real world*) сынды шетелдік ғалымдардың жер жүзіне танымал еңбектері мен бірқатар өзге де ғалымдардың беделді журналдарда жарық көрген ағылшын тіліндегі мақалалары негізге алынды. Мақаланың негізгі бөлімінде гуманитарлық ғылымдардың шеттетілу себептері мен олардың қажеттігін

дәлелдейтін аргументтер келтіріліп, зерттеу нәтижелері талқыланды. Мақаланың ең маңызды тұсы ретінде смарт технологиясы негізінде талданған кестені айтуға болады. Оған қоса авторлардың бірі Г.Б. Нұрадиннің еңбектеріне сілтемелер жасалынды, бұл ғалымның зерттеу нысанының белсенді екенінің дәлелі. Сондай-ақ мақала авторлары осы бағыттағы зерттеулерді тұрақты түрде жүргізіп келеді (Ә.А. Құранбек, А.Ә. Рыскиева «Философия» мамандығы бойынша үздіксіз білім беру үдерісіндегі қазақ руханиятын оқытуға қатысты ойлар // Философияны оқыту: мәселелері және болашағы: ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 74-79 б.).

Авторлар гуманитарлық білім, оның ішінде философиялық білімнің студенттің адами болмысын қалыптастырудағы өзектілігін дәлелдеуге және ол үшін пәндердің тартымдылығын арттыра отырып, практикалық аспектілеріне көбірек мән беру қажеттігін айқындауға талпыныс жасайды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазіргі кезде гуманитарлық пәндерден сабақ беретін оқытушылардың негізгі міндеті студенттердің өзін-өзі дамыту және жетілдіру қажеттілігін сезінуіне барынша қолайлы жағдай жасау арқылы бағыттауда көрініс тапқан. Кәмілеттік жасқа жеткен жеке тұлғаны тәрбиелеу емес, оны тәрбиелеу барысында жіберілген қателіктерді түзету үшін орта құру, қалыптастыру, өзін-өзі алып шығуына, көрсетуіне әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету. Бір сөзбен айтқанда, кәсіптің негізін салмас бұрын, студенттің адамдық негізі қалануы керек. Қалыпты, мүмкіндігінше жетілген адамдық болмысы мен тұлғасын қалыптастырған студентке кез келген кәсіптің негізін орнатуға болады, яғни студенттің адами қарым-қатынасы үйдің іргетасы болса, ал оның мамандығы сол үйдің құрылысы болып есептеледі.

Жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқытудың өзектілігі қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларда студенттерді тәрбиелеу және болашақтың жеке-кәсіби даму деңгейіне қойылатын талаптардың артуына тікелей байланысты. Әлемдік өркениеттің сипатын анықтайтын негізгі фактор, ғылымның биік шекарасының көрсеткіші, дәлелдемелер ортасы – «Төртінші өнеркәсіптік революцияға» әкелген цифрландыру дамуды серпінді түрде алға тартты. Барлық салаға енген цифрландыру шыны-

мен алысты жақындатты, ауырды жеңілдетті, адам болмысындағы дүние суреттемесін жаңа бір реңкке бояды. Қозғалыстың негізгі нүктесіне айналған әлемдік еңбек нарығы сонымен қатар, өлшемдерді цифрландыруға бағытталған барлық ғылымның бағытын өлшеді. Осы кезде гуманитарлық ғылымның қажеттілігі мен өзектілігі техникалық ғылымның көлеңкесінде қалды. Алайда әрбір озық техниканың түбінде оның негізгі қозғаушы күші – «идея» бар екені мәлім. Идеялардың алғышарты болып саналатын адамның ниеті мен көңілі көптеген көрінбейтін, әйтсе де, аса маңызды қасиеттермен шендескен.

Джон Ролз – «Әділет теориясы» атты танымал еңбектің авторы. Этика және саяси теория бойынша жазылған еңбегінде Дж. Ролз бостандық пен теңдіктің бәсекелес құндылықтарын үйлестіретін «әділдік-адалдық» ұғымдарын негіздейді. Осы ұғымдарды бастапқы, әрі негізгі ұстаным ретінде өз нысанасына алған Ролз өршіл адамдар үнемі әділ жүйені таңдайды деген тұжырымға келеді. Егер біз бай немесе кедей, ақ немесе қара, ер немесе әйел болатынымызды білмесек, қоғамның байлығын толығымен тең бөлетін жүйеге басымдық береміз (Ролз Дж., 2010: 79-80). Ғалым пікіріне жүгіне отырып әрбір техникалық дүмпудің астында миллиондаған адамның тағдыры жатқаны назардан тыс қалатыны еске түседі.

Исайя Берлин – ХХ ғасырдағы гуманизмнің жалынды жақтаушысы және бостандық шежіресін жазған көпке танымал философ-ғалымның бірі әрі бірегейі. Берлин «шектен шыққан теріс бостандық байларды жоғары әлеуметтік позицияларға орнықтырып, ал кедейлерді бостандығынан мәңгілік айыру жазасына кеседі; теріс еркіндік әлеуметтік теңсіздікті орнатады және қолдайды» деп санайды. Берлиннің пайымынша бостандық теңдіктен, әділдіктен немесе бақыттан өзгеше дүние. Менің, қауымымның немесе ұлтымның бостандығы өзгелерді азапқа салатын болса, онда бұл әділетсіз және азғын жүйе. Ол мұнда себеп-салдар байланысын болжайды. Ол үкіметті шектеуге шақыру байлардың өзін және әділетсіз жүйелерді қорғауға деген өзімшілдік талаптары деп түсінеді. Теңдікке теріс еркіндік шектелген кезде қол жеткізіледі, дегенмен, біреулердің бостандығын қамтамасыз ету үшін кейде екінші біреулердің бостандығын шектеу керек болады. Бұл жерде басқа әлеуметтік игіліктер үшін кейбіреулердің бостандығын қашан және қалай шектеу керектігі арасындағы тепе-теңдікті табу қажеттілігі туындайды. Құндылық плюрализмі

Берлинді теріс бостандықты шектеуді талап етуге түрткі болып, шамадан тыс теріс бостандық әлеуметтік қиындықтарды жеңуге көмектеседі деген тұжырымға алып келді (Берлин И., 2001: 125-126).

Питер Сингер – жаңа заманның аса ықпалды философтарының бірі. Бұлай атауымызға 2005 жылы Time журналының Питер Сингерді ең ықпалды 100 әлем философы тізіміне енгізуімен 2013 жылы Готлиб Даттвейлер институтының оны әлемдегі үшінші «ең ықпалды» адам деп есептесе, Britannica-ның қазіргі басылымына арналған этика туралы ықпалды мақалаларына жүгіне отырып Британ энциклопедиясы әлемдегі аса танымал интеллектуалдар арасындағы «бірінші» деп атады. Сингер философияның бұрынғы әрі негізгі парадигмасы болған гуманизмді жаңа жүйемен ауыстыру керек, себебі онда адамдар «барлық нәрсенің өлшемі» емес деп тұжырымдады. Жануарлар құқығын қорғау мәселесіне аса көңіл аударған ғалым этикалық утилитаризм принципін басшылыққа алды. Питер Сингер жануарлар құқығын қорғау үдерісінде жануарларды қорғау қауымдастығының мүшелері, азаттық қозғалыстары көбінесе заңды бұза отырып, «экотерроризм» деп аталатын әрекетке жүгінеді, бұл демократиялық процестер кезінде заңды бұзу моральдық тұрғыдан негізделген деп санайды. Ғалымның жұмысы ерекше деп танылып 2000 жылы оның есімі ұлттық жануарларды қорғау конференциясы құрған АҚШ-тың жануарлар құқығын қорғау Даңқ залына енгізілді. Сингердің философиялық ойлары бұл тақырыптармен шектелмейді, сондай-ақ ол «тиімді альтруизм» қозғалысының негізін қалаушылардың бірі. Оның негізгі тұжырымы – көптеген адамдар материалдық шығындарсыз мұқтаж адамдарға көмектесе алады. Философ пікірінше дамыған елдердегі барлық ауқатты адамдар өз табыстарының кем дегенде 10 пайызын қайырымдылыққа жұмсауға міндетті болуы керек. Жаңа этика ережелеріне сәйкес «этикалық адам» турасындағы жаңа гумандық ойлар Питер Сингердің 2009 жылы жарық көрген «Сіз құтқара алатын өмір» кітабында да қарастырылған (Yermagambetova K., 2023: 324-330). Ғалым пікірінше «адамдарды «ет пен сүйектің үйіндісі» деп санауға болмайды, өйткені әркімнің бақытты болуы немесе қайғыға душар болуы, өзіндік тілектері не қажеттіліктері бар. Барлық адамда субъектив тәжірибе бар, соның арқасында табиғи процестер кезінде моральдық проблемалар туындайды. Тәжірибе алу үшін рух немесе

жан сияқты материалдық емес заттар қажет емес, тәжірибенің өзі моральдық құндылықтардың негізі болып есептеледі. Дұрыс немесе бұрыс әрекет ете алмайтын, еш құндылықтары жоқ адам «моральдық пациент». Дінсіз адамгершілік болуы мүмкін емес деген белгілі идеяның болуына үш себеп бар:

1) тек құдай немесе басқа табиғаттан тыс болмыс адамгершіліктің қайнар көзі бола алады, мәселен құбылыстар немесе идеялар;

2) адамгершілік құдайсыз өмір сүре алса да, адамгершіліктің басшылығынсыз біз өмір сүре алмаймыз, ол үшін адамгершіліктің не екенін түсініп дұрыс пен бұрысты ажырату қажет;

3) жазалаудың табиғаттан тыс қауіпі жоқ және адамдарды көтермелеу мен қолпаштау моральдық тұрғыдан әрекет ете алмайды (Сингер П., 2019). Осылайша, Питер Сингер көпшілік арасындағы тараған тұжырымға қарсылық білдіреді. Жоғарыда аталған философтардың әлем халықтары арасындағы танымалдылығы мен олардың еңбектерінің өзектілігі төртінші өнеркәсіптік революцияның пайда болуымен алға жылжыған интеллектуал технологияларды енгізу және цифрландыруды қолға алған ғалымдардан еш кем емес. XX ғасырдың гуманистері мен олардың ерекше еңбектерінің нәтижелері экспоненциал инновациялар мен адам дамуын ескеруге үнемі ықпал етіп отырады. Осы тұста американдық философ Бенджамин Франклиннің «білімге инвестиция салу аса мол табыс әкеледі және ең жақсы дивидендтер төлейді. Адам әмиянын ақылдың пайдасына жеңілдетсе, онда оны ешкім ұрлай алмайды» деген қанатты сөзіне назар аударуға тура келеді. Қоғам индустриал тұрғыдан дамыған сайын оның гуманитарлық, әсіресе философиялық білімге деген зәрулігі артып отыр.

Көпполярлы әлемнің өзгермелі картинасы біздің одан тыс қалмауымызды үнемі ескертіп отырады. Осыған орай 2017 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасында цифрлық технологияларды пайдалануды дамыту мәселесіне қатысты маңызды құжат ретінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды (Бағдарлама, 2017). Осы бағдарлама негізінде еліміздің көптеген саласында цифрландыру қарқынды түрде жүргізілуде және ол өз кезегінде оңтайлы және ұтымды қызмет ретінде нәтижелерін беруде. Гуманитарлық салаларда бұл қарқыннан қалыс қалмады, нәтижесінде «цифрлық гуманитаристика» деген ұғым пайда болды.

Цифрлық гуманитаристика мынадай екі тұжырымға жүгінеді:

1) Гуманитарлық білім түпнұсқаларының орасан зор көлемін өңдеудің қарапайым тәсілдері бар екеніне сенімділік;

2) Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының әдіснамалық және интеллектуалдық дәстүрлері интеграцияда бола алады және болуға тиіс деген интеллектуалдық климат (Нұрышева Г., 2023: 385). Гуманитарлық ғылымдардың негізгі қызметінің бірі түсіну мен түсіндіру болса, онда барған сайын күрделеніп бара жатқан проблемаларды тарқата түсіну және түсіндіру үшін гуманитарлық пәндердің қажеттілігі мен өзектілігі айқындала түседі. «Философия бізді оқуға, жазуға, өмір сүруге және ойлауға тәрбиелейді... Философиялық сәтті қалыптастыру философиялық мәдениетті игеру арқылы келеді. Алайда тағы бір өлшем бар. Ол – дербес ойлау қабілеті» (Хесс, Р., 2019: 12-13).

Әлемнің маңдайалды жоғары оқу орындары философияны өзінің әу бастағы орнын қуаттап, әрбір ғылымның ішінде және бастауында міндетті түрде философия болуы қажет деген оймен оны әрбір академиялық пәннің ішіне кіргізген. Көптеген университетте философиялық үйірмелер, клубтар, мектептер мен одақтар жұмыс істейді. Академиялық пәндер философияның тарихынан гөрі оның проблемаларына, этикалық ерекшеліктеріне қарай ойысқан. Еліміздегі жоғары оқу орындарында «Философия» пәні міндетті компонент ретінде барлық білім беру бағдарламаларын қамтиды. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Философия» жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылы ұтымды өзгертілді. Жаңа типтік бағдарлама пәннің тартымдылығын арттырып, студенттерді философия пәніне жақындата түсті. Алайда бұл қадам өркениеттік дамудың өлшемін анықтайтын «Гуманитарлық ғылымдар цифрлық дәуірге қандай үлес қоса алады?» деген сауалға толыққанды жауап бере алмайды. «Сондықтан да, біз білікті маман дайындау үшін, философияның кең ауқымдылығын ескере отырып, ғылымның әрбір саласында білім алушылардың (ғылыми бөлімінде оқитын магистранттарға немесе докторанттарға) ой өрісін кеңейту мақсатында оларға сәйкестендірілген философияның бағыттарын оқытуды ұсынамыз» (Аташ Б., 2023: 162)

Компьютерленген өндіріс процесін ілгерілетудің жоғары технологиялық стратегияларын қамтитын 4.0 индустриясына көшу өте икемді өндірісі бар өнімдерді жаппай баптауға сүйене отырып, еңбек нарығын өзгерту мақсатын

көздеді. Бұл процесс өзін-өзі оңтайландыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі диагностикалау, таным және ақпараттық индустрия көмегімен жұмысшыларды қолдау әдістерімен сипатталатын автоматтандырылған технологияларды қажет етеді. Төрт қағида 4.0 Индустриясының ажырамас бөлігі ретінде анықталды:

1) Байланыс, яғни технологиялар мен адамдардың IoT (интернет заттар) және адамдардың интернеті арқылы бір-бірімен хабарласу және байланысу қабілеті;

2) Ақпараттық ашықтық, яғни жоғары функционал шешімдер қабылдау үшін жан-жақты ақпараттық операцияларды қабылдау;

3) Техникалық көмек, яғни адамның міндеттері мен шешімдеріне көмектесетін технологиялық құралдар;

4) Орталықтандырылмаған шешімдер, яғни кибер жүйелер дербес шешімдер қабылдайды. Бұл сценарийде 4.0 индустриясы төрт негізгі құрамдас бөлікке енгізуге болатын бірнеше технологияны қамтиды: киберқауіпсіздік, заттар интернеті, бұлтты есептеу және когнитивті есептеу. Бұл технологиялар желіні кеңейтуге, өнімділікті оңтайландыру және өмірді өзгертетін артықшылықтар жасау үшін ақылды құрылғылар мен машиналарды автоматтандыруға негізделген өзгерістер динамикасына әкеледі. Осылайша, экспоненциал және серпінді технологиялармен сипатталатын технологиялық тұрғыдан дамыған цифрлық әлемге көшу жаһандық өнеркәсіпке және біздің жеке және қоғамдық өміріміздің кейбір аспектілеріне әсер етеді (Barbazzeni В., 2021). Бұл факт білім беру саласына зор ықпалын тигізгені сөзсіз, әсіресе болашақ ғалымдарды оқыту және тәрбиелеу ісі мен ғылыми зерттеулер жүргізу тәсілінде айтарлықтай оң өзгерістер бар. Германиядағы Магдебург университетінің зерттеуші ғалымдары Беатрис Барбаццени мен Майкл Фрибенің зерттеу жұмысында көрсетілген төрт қағиданы назарға ала отырып (төмендегі 1-кестеде көрсетілгендей) еліміздегі жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық пәндерді, оның ішінде философия пәнін жүргізудің перспективалық негіздерін білім беру саласында қолданысқа ие «смарт» әдісі арқылы талдауды жөн көрдік.

Кестеде мынандай қысқартылған сөздер кездеседі:

- БББ – білім беру бағдарламалары;
- ГББ – гуманитарлық білім беру;
- ГП – гуманитарлық пәндер;
- ФББ – философиялық білім беру;
- АТ – ақпараттық технологиялар;
- ЖОО – жоғары оқу орындары.

1-кесте – Жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық білім беруді оңтайландыру бағытындағы перспективалық талдама кесте

Жоғары оқу орындарындағы оқытушы мен студент арасындағы гуманитарлық білім берудің өзектілігі					
&	Индустрия 4.0.	Байланыс	Ақпараттық ашықтық	Техникалық көмек	Орталықтан дырылмаған шешімдер
<i>S</i>	Specific / Ерекше	Пәнді тартымды ете алатын оқытушы мен студенттің ара қатынасын жалғайтын классикалық байланыс	Студенттің алдыңғы білім беру тәжірибесін ескеріп, ФББ және заманауи білім беру мәселелерін БББ авторларымен серіктестікте дайындау	ГП оқытуда қолданылатын АТ: смарт-тақта, мультимедиялық инсталляция, электрондық оқулық, платформа, жалпы электрон білім беру құралдарын пайдалану	Студентке өз дәуірдің контурын салуға мүмкіндік беру. Салыстырмалы талдау жасау
<i>M</i>	Measurable / Өлшенетін	Арнайы университеттік платформалар, электрон кітапханалар мен ғылыми сайттар арқылы байланыс түзу	Студентті ГББ тарихындағы зерттеулердің мақсаттары және әдістерімен, оны зерттеудегі көмекші заманауи ғылымдар жаңалықтарымен таныстыру	ГП оқытуда әртүрлі көзқарастардың көптігі студенттердің шығармашылық ойлауын, ғылыми дүниетанымын дамытуға мүмкіндік береді.	ГББ бағытындағы пәндерін ЖОО оқытудың блокчейн технологиясын жасау арқылы олардың үлес салмағын анықтау
<i>A</i>	Attainable / Қол жетімді	Оқытушы мен студенттің біріккен ғылыми жұмыстары (мақала, жоба, подкаст, үйірме жұмысы т.б.)	Кәсіби және практикалық дағдыларды қалыптастыру механизмдерін күшейту	Ақпарат алу үшін кітапхана мен интернетті пайдалану дағдысына ие болу қажеттілігі	ФББ қажеттілігін дәлелдеу, кәсіби, саяси, әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыру үшін жауапты қызметкер және қамқор азамат болуына ден қою
<i>R</i>	Relevant / Өзекті	Практикалық жұмыстар: қауымдастық, үйірме, клуб, белсенді топ, мектеп, интернет газет, сайт т.б. құру, арнайы мәселелермен шұғылдану	Студенттің өз БББ-мен философиялық ойлау қабілетін күшейту арқылы сыни қабілеттерін дамыту	Пайдалану қабілеті: жалпы құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлері көрсетілген ғылыми білімді қалыптастыру үшін философиялық және ГББ негіздерін қалыптастыру	Түрлі дәуірлердегі білім беру үрдісіне, әлемдегі және еліміздегі білім және тәрбиеге салыстырмалы аналитик зерттеуге тарту
<i>T</i>	Time based / Уақытқа негізделген	Практикалық жұмыстар: пікірталас, дөңгелек үстел, ашық сұхбат алаңы, қашықтықтан кеңес беру, мессенджер, форум, чат т.б.	Тайм-менеджмент, студенттердің макро, мезо, микро жоспарлар құруы және оны жүзеге асыру механизмдерін орындауына көмектесу және бақылау	АТ енгізу тәжірибесі іздеу, сақтау, өңдеу әдістері ретінде ақпаратты ұсыну, онымен жұмыс істеуді әр түрлі қолданумен жүзеге асыратын техника-лық құралдар.	ГББ бағыттарына кіретін пәндерге ортақ заманауи мәселелерін талықлау және шешім шығару колобарациясын жасауға әрекет жасау

Жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқытудың өзектілігі жаңа дәуірдің динамикалық дамуына сәйкес ақпараттық технологияларды ұтымды қолдануды талап етеді. Гуманитарлық пәндерді оқыту – ақпараттық технологияларды қолдану тез өзгеретін мамандарға

бейімделе алатын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру, сыни және шығармашылық ойлауды дамытудың жоғары деңгейіне ие, кәсіби өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру, рефлексияны жүзеге асыру, мақсат қоюға және оларға жүйелі түрде қол жеткізуге

қабілетті кәсіп иелерін дайындау (Morozova I., 2021).

Еліміздегі гуманитарлық білім беру саласына қомақты үлес ретінде 2017 жылы жүзеге асырылған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын айта аламыз. Оны жүзеге асыру мақсатында коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» құрылды. Жоба аясында тарих, философия, социология, психология, антропология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, инновация, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, кинотану, театртану салалары бойынша әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытылатын үздік еңбектер мен оқулықтар қазақ тіліне аударылды. Соның ішінде философия пәні бойынша Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» деген төрт томдығы, Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Томас П. Касулистің «Жапон философиясының қысқаша тарихы» сияқты оқулықтарға Гүлжиһан Нұрышева, Гауһар Әбдірасылова, Сапар Оспанов, Сағади Бөлекбаев, Дәулетбек Раев, Айымжан Рыскиева және т.б. бірқатар философ-ғалымдар аудармашы, ғылыми редактор ретінде атсалысты (Нұрадин Г., 2021: 137). Гуманитарлық білім беруді қолдаудың мемлекет тарапынан болуы мемлекет саясатының оң бағытта екендігінің көрінісі. Жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық пәндерді оқыту өзектілігі күн тәртібінен түспеуі қажет.

Қорытынды

Жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық білім беру ісіне деген немқұрайлық пен салғырттық университеттің ішкі әлеуетінің төмендігін көрсетеді. Студенттердің өзгеше ойлау стилін қалыптастыратын, танымдық қызметін үйлестіретін, интуитив, эмоционал, визуал және логикалық ойлаудың бірлігін сақтауға мүмкіндік беретін гуманитарлық білімнің әлеуеті кез келген жоғары оқу орнының сапасын жақсартатын мүмкіндікке ие. Ғұмырының үш-төрт жылын университетпен байланыстырған студенттің тек арнайы білім мен кәсіби дағдылар жиынтығын алуға мүмкіндік беретін академиялық дәреже алуы аздық етеді, олар түрлі контекстерде сыни

тұрғыдан ойлай алатын, өзіндік сенімі мен құндылық бағдарын, дүниетанымы мен дүниеге көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін құзыреттілікті де қоса алуға тиіс. Университеттерде ғана берілетін «жоғары білім» деген атауы аталған екі дәреженің тұтастығын негізге алып отыр. Гуманитарлық білім кез келген кәсіби білімнің өзегі болуға тиіс. Мұндай ойды данышпан ақын Рудакидің «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» деген өлең жолдарымен білдіруге болады. Қазіргі тәжірибе бойынша көптеген техникалық жоғары оқу орны студенттері әлеуметтік және гуманитарлық пәндерді немқұрайлы немесе тіпті теріс қабылдайды. Бұл пән оқытушыларының курс тартымдылығын арттыра алмауы, яғни кәсіби біліктіліктерінің аздығы және университеттегі гуманитарлық ғылымды зерттеуге деген мотивацияның жоқтығын көрсетуі мүмкін. Осы себептен әрбір білім беру бағдарламасының сапалы жасалуы, басты екпіннің студенттің адамдық болмысына қойылуы аса маңызды.

Философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология сияқты әлеуметтік-гуманитарлық пәндер студенттің рефлексияға, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі тануға және өзін-өзі дамытуға ұмтылуына құлшындырады. Кәсіби тәжірибеде заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану маманнан талап етіледі. Аталған пәндер осы талапты орындаудағы басты негіз – аналитик ойлау жүйесін қалыптастыра алады. Философиялық әдіснаманың дағдылары танымдық дағдыларды игеруге көмектеседі, логикалық формализация қабілетін қалыптастырады, қоршаған орта, сонымен қатар, қазіргі заманғы үрдістер мен динамиканың ерекшелігін анықтайтын әлеуметтік үдерістерді түсіне алады, адамзаттың мәдени және тарихи тәжірибесін қорытындылай алады, жалпыадамзаттық әлеуметтік-мәдени құндылықтарды анықтай алады, ең бастысы қалыпты қарым-қатынас түзуге қажетті эмпатия, толеранттылық, көпмәдениеттілік, гумандық, аксиологиялық қасиеттерді бойына дарытып, өмірінде және кәсібінде пайдалана алады.

Алғыс сөз, Мүдделер қақтығысы

Қаржыландыру көздері, жарналар, растаулар мен мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер

2021-2022 оқу жылында білім беру гранттарын бөлу туралы: бакалавриат. 08 шілде 2021. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/227105?lang=kk>

Қазақстанда білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау 13 шілде күні басталады. 12 шілде 2022. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/399629?lang=kk>

13 шілдеде грант конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау басталады. 10 шілде 2023. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/586179?lang=kk>

Ролз Дж. Теория справедливости. Пер. с англ. / Науч. Ред. И предисл. В.В. Целишева. Изд. 2-е. – М.: Издательство ЛКИ, 2010- 536 с.

Берлин И. Философия свободы / Перевод А. Эткинды. – М.: «Новое литературное обозрение», 2001. – 448 с.

Yermagambetova K., Nuradin G. Peter Singer's new ethics // Әлемдік философияның өзекті мәселелері: IV халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2023 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2023. – 324-330 б.

Singer, P. (2019) Ethics in the real world. Moral challenges of the 21st century, Moscow, 400 p.

«Цифрлық Қазақстан» (Digital Kazakhstan) – бұл Қазақстанды цифрландыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама, қосымша ақпарат Digital Kazakhstan сайтында (digitalkz.kz)

Нұрышева Г.Ж. Қазақ философиясы» интернет-қоғамдастығы – ұлттық философиялық дүниетанымды дамытудың жаңа формасы // Әлемдік философияның өзекті мәселелері: IV халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2023 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2023. – 381-387 б.

Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 360 б.

Аташ Б. М., Құранбек Ә.А. Философияның қоғамдағы рөлі мен оқытудағы жаңа парадигмалар // Философия: ғылым және өмірлік миссия» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы, Қазақстан, 14 қазан 2022 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 159-163 б.

Barbazzeni B., Friebe M. Digital Scientist 2035 – An Outlook on Innovation and Education // Frontiers in Computer Science 16 July 2021. doi: 10.3389/fcomp.2021.710972

Morozova, I., Lyusev, V., Gladkova, M., Smirnova, E., Kulagina, J. (2021). Information technologies in teaching humanitarian disciplines. Propósitos y Representaciones, 9 (SPE1), e817. Doi: <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.817>

Нұрадин Г.Б. Практикалық философия. «Философия» пәні бойынша философиялық емес және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021. – 234 б.

References

Atash B.M., Kuranbek Ә.А. (2023) Filosofianun kogamdagy roli men okytudagy zhana paradigmalar [The role of philosophy in society and new paradigms in teaching] // Filosofia: gylым zhana omirlik missia» atty halykaralyk gylыmi-praktikalыk konferencia materialdarynyn zhinagy. Almaty, Kazakstan, 14 kazan 2022 zhyly. – Almaty: Kazak universiteti. – 159-163 b.

Barbazzeni B., Friebe M. Digital Scientist 2035 – An Outlook on Innovation and Education (2021) // Frontiers in Computer Science. doi: 10.3389/fcomp.2021.710972

Berlin I. (2001) Filosofija svobody [Philosophy of freedom] / Perevod A.Jetkinda. – M.: “Novoe literaturnoe obozrenie”. – 448 s.

Yermagambetova K., Nuradin G. (2023) Peter Singer's new ethics // Alemdik filosofijanyn ozekti maseleleri: IV halykaralyk gylыmi-teorijalyk konferencijasynyn materialdary (2023 zhyldyn 16-17 akpany, Astana, Kazakstan). – Astana: L.N. Gumilev atyndagy EUU baspasy. – 437 b. – 324-330.

Kazakstanda bilim beru granttaryn tagajyndau konkursyna katusu yshin kuzhattardy kabyldau 13 shilde kyini bastalady. 12 shilde 2022. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/399629?lang=kk>

Morozova, I., Lyusev, V., Gladkova, M., Smirnova, E., Kulagina, J. (2021). Information technologies in teaching humanitarian disciplines. Propósitos y Representaciones, 9 (SPE1), e817. Doi: <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.817>

Nuryшева G.Zh. (2023) «Qazaq filosofijasy» internet-kogamdstygy – ulttyk filosofijalyk dynietanymdy damytudyn zhana formasy [Internet community “Kazakh philosophy” – a new form of development of the National philosophical worldview] // Alemdik filosofijanyn ozekti maseleleri: IV halykaralyk gylыmi-teorijalyk konferencijasynyn materialdary (2023 zhyldyn 16-17 akpany, Astana, Kazakstan). – Astana: L.N. Gumilev atyndagy EUU baspasy. – 437 b. – 381-387.

Nuradin G.B. (2021) Praktialyq filosofija [Practical philosophy]. «Filosofija» pani bojnynsha filosofijalyq emes zhane kogamdyk-gumanitarlyk bagyttagy bilim beru bagdarlamalarynyn okytushylary men studentterine arналган oqu quraly. – Almaty: ZhShS Lantar Trejd. – 234 b.

Rolz Dzh. (2010) Teorija spravedlivosti [Theory of justice]. Per. s angl. / Nauch. Red. I predisl. V.V. Celisheva. Izd. 2-e. – M.: Izdatel'stvo LKI. – 536 s.

Singer, P. (2019) Ethics in the real world. Moral challenges of the 21st century, Moscow, 400 p.

Hess R. (2019) Filosofianyn tandaulы 25 kitaby [25 favorite books of philosophy]. – Almaty: «Ul'ttyk audarma burosy» kogamdyk kory. – 360 b.

«Cifrlыq Kazakstan» (Digital Kazakhstan) – bul Kazakstandy cifrlandyruqa bagyttalghan memlekettik bagdarlama, kosymsha akparat Digital Kazakhstan sajtynda (digitalkz.kz)

2021-2022 oqu zhylynda bilim beru granttaryn bolu turaly: bakalavriat. 08 shilde 2021. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/227105?lang=kk>

13 shildede grant konkursyna katysu yshin otinishter kabyldau bastalady. 10 shilde 2023. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/586179?lang=kk>

Авторлар туралы мәлімет:

Гүлхан НҰРАДИН (корреспондент-автор) – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Философия және саясаттану» кафедрасы. (Тараз, Қазақстан, e-mail: gnuradin@mail.ru).

Әсия АҚКУЛИЕВА – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Философия» кафедрасының докторанты «Философия магистрі». (Алматы, Қазақстан, e-mail: akkulieva_asiya@mail.ru).

Әсет ҚҰРАНБЕК – философия ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, «Философия» кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан, e-mail: kuranbek.aset@kaznu.kz).

Information about authors:

Gulkhan NURADIN (corresponding author) – Candidate of Philosophical Sciences, associate professor, Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, department “Philosophy and Political Science”. (Taraz, Kazakhstan, e-mail: gnuradin@mail.ru).

Assiya AKKULIEVA – Al-Farabi Kazakh National University, doctoral student of the department “Philosophy”, “Master of Philosophy”. (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akkulieva_asiya@mail.ru).

Aset KURANBEK – candidate of philosophical sciences, associate professor, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department “Philosophy” (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Kuranbek.aset@kaznu.kz).

Алынды 3 қыркүйек 2023 ж.
Қабылданды 24 ақпан 2024 ж.